

## Университеттік білім беру жүйесіндегі қазақ тілі оқулықтары: сан мен сапа

*С.Қ.Әлісжанов  
Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ  
қазақ тіл білімі кафедрасының  
меңгерушісі, филол. ғыл. докторы*

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ ректоры Б.Ж.Әбдірайымның әр мамандық бойынша мемлекеттік тілдегі оқулықтар даярлау жөніндегі бастамасы деркезінде және кеңінен насхиттауға тұрарлық идея болып табылатыны сөзсіз. ЕҰУ тәжірибесі тіпті республика көлемінде жоғары оқу орындары тарапынан қолдау тауып жатса құба-құп. Қай мамандықта болмасын, олар бойынша қазақ тіліндегі бұрын-соңды жарық көргені бар және жарық көруге тиісті оқулықтардың саны мен сапасын, бүгінгі білім беру жүйесіндегі қаншалықты маңыздылығы мен өзектілігін саралайтын уақыт жетті.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы ежелден келе жатқан, өзіндік дәстүрі бар мамандық. Бұл мамандық бойынша оқылатын пәндер қалыптасқан, басты деген оқулықтары жазылған болып саналады. Алайда қазіргі ғылымның жетістіктері, қоғамдық-әлеуметтік ахуалдың өзгеруі т.б. жайттар оқулықтардың мазмұны мен сапасын осы мамандық бойынша да тексерудің, зерделеудің қажеттігін ұсынады.

Мысал ретінде мамандық бойынша оқылатын негізгі «Қазіргі қазақ тілі» курсы алуға болады. «Қазіргі қазақ тілі» курсы сала-саламен оқытылады: фонетика, лексикология, морфология, синтаксис. Бұлардың әрқайсысына бөлінген кредит саны 2-3-тен кем емес. Әр саланың басты-басты деген оқулықтары бар. Атап айтар болсақ, фонетика бойынша І.Кеңесбаев, С.Мырзабековтың, лексикологиядан Ғ.Мұсабаев, Ә.Болғанбаев, Ғ.Қалиұлының, морфологиядан А.Ысқақов, Н.Оралбаеваның, синтаксистен М.Балақаев, Т.Қордабаев, Қ.Есенов т.б. көптеген авторлардың ондаған жылдар бойы күні бүгінге дейін оқытушылар мен студенттердің қолынан түспей келе жатқан, үстел кітабына айналған негізгі оқулықтары бар, олар, әрине, жоғары білім беру саласында мамандық үшін пайдаланылып келеді. Осы тәрізді оқулықтардың маман даярлаудағы өлшеусіз рөлін ескере отырып, қазіргі ғылыми жаңалықтар мен теорияларды да елеусіз қалдырмауды назарда ұстаған жөн. Тәуелсіздік алған жылдардан бері қарайғы қоғамдық өмірдегі алуан түрлі өзгеріс ғылымның қай саласында болмасын өз ізін салғаны ақиқат. Бұдан қазақ тіл білімі де тыс қала алмайды. Тіл ғылымының зерттеу әдістемесі, жалпы ғылыми-әдіснамалық негіздері жаңаша қаралуда. Зерттеу бағыттары, бірліктері өзгеруде, толықтырылуда, көптеген докторлық, кандидаттық диссертациялар қорғалды. Ендеше осы жаңалықтарды оқулықтарға енгізетін кім?! Ат төбеліндей ғылыми жұртшылықтың арасындағы жаңалық атаулының көптің талқысына салып, дәстүрге айналдыратын кім?! Әрине, ЖОО мамандары. Алайда жағдайдың әлі де бұрынғыша қалып отырғаны, сол беттері сарғайған оқулықтарды

пайдаланып келе жатқанымыз да өмірдің шындығы. Бір ғана дерек келтірсек. Аталған курс құрамында оқытылатын «Синтаксис» тарауы бүгінгі күні ең көп өзгеріске түсіп, толығып жатқан сала екендігін барша маман біледі. Ол синтаксистің зерттеу нысандарына болсын, зерттеу бағытының өзгеруінде болсын, жалпы синтаксис ұғымы мазмұнының жаңаша түсіндірілуінде болсын тікелей қатысты. Бірақ, неге екені белгісіз, соларды есепке ала отырып, жаңаша жазылған оқулық жоқтың қасы. Тіпті қазіргі кезде оқулықтың қызметін атқарып жүрген академиялық «Қазақ грамматикасында» (Астана, 2002) синтаксис тарауындағы соны өзгерістер толық көрініс таппаған. Бұл зерттеуде мәтін синтаксисі тыс қалған, мәтіннің бірлігі ретіндегі күрделі синтаксистік тұтастық қана баяндалады. Сөз орайы келгенде айта кеткен жөн, мәтін лингвистикасы бөлек сала болып өз алдына отау тіккелі едәуір уақыт өтті, қаншама диссертациялар да жазылды, бізде сол саланың негізгі заңдылықтары мен теориясын қамтитын оқулық (бұл жерде әңгіме жекелеген монографиялар немесе оқу құралдары емес, оқулық жөнінде болып отыр – С.Ә.) жазыла қойған жоқ.

Қазіргі кездегі кредиттік оқыту технологиясына сәйкес пән атаулыны міндетті және таңдау пәндері деп ажыратып жүрміз. Жаңа мазмұндағы оқулық жазу осының екеуіне де қажет. Пән ретінде бұрыннан қалыптасқан «Көркем мәтінді лингвистикалық талдау» курсы қазіргі жұмыстық оқу жоспарларында таңдау пәні саналады. Бұл курсты ерекше атап тұрған себебіміз – курс мазмұнының жаңалығы. Көркем шығарманы мәтін тұрғысынан қарастыру, тілдік құралдардың көркемдікті тудырудағы прагматикалық қызметі т.т. тың аспектілер – осы саланың ғылыми базасының кеңеюі мен өрістеуіне жол ашты. Бұл бағытта ғылыми жұмыстар жазылды (Г.Әзімжанова, Н.Уәли т.б.). Соған қарамастан курстың негізгі оқулығында бұлар мүлде көрінбейді. Соны ізденістер мен дәстүрдің жаңаша қалыптануын кездестірмедік. Осы орайда ресейлік әріптестерімізден үлгі алудың еш артықтығы жоқ. Көз жүгіртіп өткеніміздің өзінде жағдайдың басқаша екенін айқын аңғарамыз. Алысқа бармай-ақ, аталған пәнді алайық: тақырыптар да, тараулар да, жалпы құрылымы жаңалықтарды ескеріп барып жасалған. Онда мәтінге лингвистикалық талдау жасаудың ерекше ғылыми білім саласы екендігі, мәтінді зерделеудің негізгі аспектілері, мәтіннің экстралингвистикалық параметрлері, мәтін және мәдениет, мәтіннің семантикалық кеңістігі мен оны талдау, мәтіннің концептуальды кеңістігі, мәтіннің деннотативті кеңістігі, мәтіннің эмотивті кеңістігі, мәтіннің құрылымдық түзілімі, коммуникативтік түзілімі, мәтін құраудағы тілдік құралдардың орны, қысқасы барлығы соны тұжырымдарды ескеріп барып жазылған [Мына еңбекті қараңыз: 1].

Осы тәрізді жаңаша құрылуға тиіс басқа да пәндер жетерлік: морфонология, ономастика, терминология т.т. Бұл тізімді одан әрі жалғастыра беруге болады. Оқулық жазуда ескерілетін бір фактор – ілгеріде де ескертіп өткеніміздей, қазіргі қоғамдық-саяси және әлеуметтік бағыттардың назарға алынып отыруы. «Ономастика» бойынша сондай мәселенің бірқыдыруы универсиетіміздің проректоры, профессор

Д.Қамзабекұлының «Ономастиканың жаңа кезеңі тілдің электрондық дәуірі» атты мақаласында жақсы айтылған [2]. Терминология бойынша да оқулық түзудегі ізденістер мен көзқарастар баспасөз бетінде, түрлі жинақтарда жариялануда. «Морфонологияның» жеке сала ретіндегі маңызы мен мәні оқу үдерісінен анық байқалуда. Дәстүрлі «Қазақ диалектологиясы» пәні көптеген пікірталас тудырып жүр. Пәнге бөлінген сағат санын азайту жағынан болсын, жалпы бұл пәннің мазмұнына мәнді өзгерістер енгізу жағынан болсын – мамандар арасында ақылдасып шешетін істер көп.

Аса қажетті болып табылатын, маңыздылығын жоймаған классикалық оқулықтарды дүркін-дүркін қайта жариялар тұру кейбір ЖОО-ның тәжірибесінде қолданылады. Бұны да оқулықтар қорын көбейтудің ескеруге тұрарлық бір шарасы деп түсінеміз.

Бүгінгі таңда оқулық мәселесінің қазіргі заманғы технологияға сай басқа да қырлары өзекті болып табылады. Мәселен, электрондық оқулықтар даярлау. Әрине, бұл өз алдына жеке мәселе. Алайда қандай да формадағы оқулықтар болсын ең басты жетістігі – оның мазмұны екендігі анық. Сол мазмұн ғылымдағы ізденістер мен дәстүрдің тоғысуынан, жымдасуынан, табиғи сабақтастығынан тұрса, онда сапаның бірінші орынға шығатыны кәдік. Олай болса, ЖОО оқытушыларын жаңа кезеңнің оқулықтарын түзу барысында жауапкершілігі мол жаңа міндеттер күтеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бабенко Л.Г. Лингвистический анализ художественного текста. Теория и практика: Учебник. М., 2006.
2. Құжат тілі: бүгінгі мен болашағы (Жинақ). Астана, 2009.